

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау

орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен: «Рухани жаңғыру» қоғамдық қоры

Үкіметтік емес ұйымдар үшін ұзақ мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға ӨТІНІМ

1.Өтініш беруші				
1. БСН	170640010319			
2. Ұйымның тіркелген күні	12.06.2017			
3. Ұйымның толық атауы	«Рухани жаңғыру» қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекен жайы	ҚР, Астана қаласы, Ташенов бұрылысы 8, 124 кеңсе			
5. Ұйымның басшысы	Тегі КАЙРАНБЕКОВ	Аты БАУРЖАН	Әкесінің аты (болған жағдайда) ОКТАШЕВИЧ	Лауазымы БІРІНШІ БАСШЫ
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	<p>Қоғамдық қор – еліміздің әртүрлі санаттағы тұрғындардың, жастардың және жасөспірімдердің әлеуметтік, саяси, діни және құқықтық сауаттылығы мен азаматтық белсенділігін арттыру. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту. Белсенді азаматтардың бастамашыл жобаларын қолдау.</p> <p>Ұйымның жарғысына сәйкес келесідей негізгі қызмет түрлерін көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none">• Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қолдауға және нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу және ұйымдастыру;• Отбасылық және демографиялық мәселелерді шешуге үлес қосу;• Жастар саясаты мен бастамаларын қолдау;• Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;• Азаматтардың діни сауаттылығын арттыру және олардың арасында теріс діни ағымдардың алдың алу бойынша кешенді			

	<p>жұмыстар жүргізіу;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Азаматтар арасында терроризм мен экстремизмнің алдын алуға қатысты іс-шаралар ұйымдастыру; • Тұрғындардың құқықтық білімін және мәдениетін арттыру мәселелері бойынша кешенді іс-шаралар ұйымдастыру; • Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу. 					
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	Қазақстан Республикасының әртүрлі санаттағы тұрғындары мен жастары, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, дін қызметкерлері мен мамандары, дінтанушы және исламтанушы мамандар, азаматтық қоғам өкілдері.					
8. Ұйымның байланыс телефоны	8 777 584 83 32					
9. Электрондық пошта мекен - жайы	2017ruh@mail.ru					
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	http://rukhanizhangyru.kz/					
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	Жоқ					
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі	Негізгі нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы
	1.					

<p>іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</p>	
<p>2.Әлеуметтік жобаның командасы</p>	
<p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кайранбеков Бауржан Окташевич - бірінші басшы 2. Тілеуберді Ербол Еркінұлы - жоба жетекшісі 3. Сулейманкулова Айгерім Адылбековна - жоба менеджері (координаторы) 4. Тұрсағат Айнұр Майданқызы - жоба менеджері 5. Исаева Диана Дулатовна - жоба менеджері 6. Шакимова Лола Сергеевна - спикер, лектор 7. Кожаметова Талшын Зарқымқызы - спикер, лектор 8. Солтан Роза - спикер, лектор 9. Оспанов Дәлелхан Қоңырбайұлы - спикер, лектор 10. Жаншин Нурсултан Берикович - спикер, лектор 11. Далабаева Гульнар Бакеновна - спикер, лектор 12. Разақов Нурмухаммет Шәмшіұлы - спикер, лектор 13. Кожаква Асель Булатовна - спикер, лектор 14. Оразбаева Ширин Иранбековна - спикер, лектор 15. Берлибай Акерке Берлибайқызы - спикер, лектор
<p>2. Жұмыс тәжірибесі</p>	<p>1. КАЙРАНБЕКОВ БАУРЖАН ОКТАШЕВИЧ</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – Лауазым: Аға оқытушы – Басталған жылы: 1998 – Бітірген жылы: 2001 <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Тестілеу орталығы – Лауазым: Директор – Басталған жылы: 2001 – Бітірген жылы: 2003 <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – Лауазым: Декан орынбасары

- Басталған жылы: 2003
- Бітірген жылы: 2007

- **Ұйым:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тараз қаласы институты
- Лауазым: Аға оқытушы
- Басталған жылы: 2007
- Бітірген жылы: 2008

- **Ұйым:** Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті
- Лауазым: Декан
- Басталған жылы: 2010
- Бітірген жылы: 2011

- **Ұйым:** «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
- Лауазым: Декан
- Басталған жылы: 2011
- Бітірген жылы: жалғасуда

- **Ұйым:** «Рухани жаңғыру» ҚҚ
- Лауазым: Бірінші басшы
- Басталған жылы: 2023
- Бітірген жылы: жалғасуда

2. ТІЛЕУБЕРДІ ЕРБОЛ ЕРКІНҰЛЫ

- **Ұйым:** ШҚО ішкі саясат басқармасы «Жастар бастамаларын қолдау» орталығы
- Лауазым: Бөлім басшысы
- Басталған жылы: 2011
- Бітірген жылы: 2013

- **Ұйым:** ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті, Нормативтік құқықтық басқармасы
- Лауазым: Сарапшы
- Басталған жылы: 2013
- Бітірген жылы: 2014

- **Ұйым:** «Либерти Групп ЛТД» ЖШС
- Лауазым: Директор

- Басталған жылы: 2014
- Бітірген жылы: жалғасуда

3. СУЛЕЙМАНКУЛОВА АЙГЕРИМ АДЫЛБЕКОВНА

- **Ұйым:** «Либерти Груп ЛТД» ЖШС
- Лауазым: Жобалар координаторы
- Басталған жылы: 2016
- Бітірген жылы: жалғасуда

4. ТҰРСАҒАТ АЙНҰР МАЙДАНҚЫЗЫ

- **Ұйым:** «Либерти Груп ЛТД» ЖШС
- Лауазым: Жобалар менеджері
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: жалғасуда

5. ИСАЕВА ДИАНА ДУЛАТОВНА

- **Ұйым:** «Либерти Груп ЛТД» ЖШС
- Лауазым: Жобалар менеджері
- Басталған жылы: 2022
- Бітірген жылы: жалғасуда

6. ШАКИМОВА ЛОЛА СЕРГЕЕВНА

– **Ұйым:** ҰҚК (КНБ) құқық қорғау органдары академиясы

– **Лауазым:** Аға оқытушысы, психолог, подполковник

– **Басталған жылы:** 2000

– **Бітірген жылы:** жалғасуда

– **Ұйым:** ҚР психологтары мен психотерапевтері Республикалық Қауымдастығы

– **Лауазым:** Психолог

– **Басталған жылы:** 2010

– **Бітірген жылы:** жалғасуда

– **Ұйым:** Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы

– **Лауазым:** Эксперт-психолог

– **Басталған жылы:** 2016

– **Бітірген жылы:** жалғасуда

7. КОЖАХМЕТОВА ТАЛШЫН ЗАРҚЫМҚЫЗЫ

- **Ұйым:** ШҚО «Мухамади» мешіті
- Лауазым: Әйел жамағаты ұстазы, теолог
- Басталған жылы: 2011
- Бітірген жылы: 2016

- **Ұйым:** Ақтөбе қаласы «Нұрғасыр» мешіті
- Лауазым: Әйел жамағаты ұстазы, теолог
- Басталған жылы: 2016
- Бітірген жылы: 2017

- **Ұйым:** Ақтөбе облысының Дін істері басқармасының «Аңсар ақпараттық-талдау орталығы» КММ
- Лауазым: Эскперт-теолог
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: 2018

- **Ұйым:** ШҚО «Халифа Алтай» мешіті
- Лауазым: Әйел жамағаты ұстазы, теолог
- Басталған жылы: 2018
- Бітірген жылы: жалғасуда

8. СОЛТАН РОЗА

- **Ұйым:** «Нұрлы білім» Деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы»
- Лауазым: Ақпараттық түсіндірме тобының маманы, теолог
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: 2021

- **Ұйым:** Қарағанды қаласы әкімдігі Ішкі саясат бөлімі, Жастар ісі жөніндегі комуналды қызмет көрсету орталығы
- Лауазым: Теолог
- Басталған жылы: 2021
- Бітірген жылы: 2022

- **Ұйым:** Көкшетау қ., Дін істері басқармасы «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы»
- Лауазым: Теолог
- Басталған жылы: 2022

- Бітірген жылы: жалғасуда
- **Ұйым:** «Насихат» кеңес беру-оңалту орталығы
- Лауазым: Теолог
- Басталған жылы: 2022
- Бітірген жылы: жалғасуда

9. ОСПАНОВ ДӘЛЕЛХАН ҚОҢЫРБАЙҰЛЫ

- **Ұйым:** Халықаралық Қазақ-араб университеті
- Лауазым: Дінтану кафедра меңгерушісі
- Басталған жылы: 2002
- Бітірген жылы: 2010

- **Ұйым:** Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ
- Лауазым: «Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімі басшысы
- Басталған жылы: 2012
- Бітірген жылы: 2018

- **Ұйым:** Шымкент қаласы Ішкі саясат және дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ
- Лауазым: Басшысы
- Басталған жылы: 2019
- Бітірген жылы: 2020

- **Ұйым:** Шымкент қаласы бойынша «Ақниет» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы ҚҚ
- Лауазым: Басшысы
- Басталған жылы: 2020
- Бітірген жылы: жалғасуда

10. ЖАНШИН НУРСУЛТАН БЕРИКОВИЧ

- **Ұйым:** Ақтөбе облысының әкімдігі «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы»
- Лауазым: Инспектор
- Басталған жылы: 2014
- Бітірген жылы: 2016

- **Ұйым:** Хромтау ауданының әкімдігі «Хромтау аудандық ішкі саясат бөлімі»
- Лауазым: Бас маман
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: 2018

- **Ұйым:** Ақтөбе облысы Дін істері басқармасының «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы
- Лауазым: Басшысы
- Басталған жылы: 2018
- Бітірген жылы: жалғасуда

11. ДАЛАБАЕВА ГУЛЬНАР БАКЕНОВНА

- **Ұйым:** Қарағанды облысы «Жастар бастамалары орталығы»
- Лауазым: Бөлім басшысы
- Басталған жылы: 2007
- Бітірген жылы: 2011

- **Ұйым:** Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Жастар ісі жөніндегі департамент
- Лауазым: Департамент басшысы
- Басталған жылы: 2011
- Бітірген жылы: 2017

- **Ұйым:** "Қарағанды облысы Дін істері басқармасының Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығы" КММ
- Лауазым: Инспектор
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: 2018

- **Ұйым:** "Қарағанды облысы Дін істері басқармасының Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығы" КММ
- Лауазым: Бөлім басшысы
- Басталған жылы: 2018
- Бітірген жылы: жалғасуда

12. РАЗАҚОВ НУРМУХАММЕТ ШӘМШҰЛЫ

- **Ұйым:** «Ақтөбе медресесі»
- Лауазым: Директор орынбасары
- Басталған жылы: 2008
- Бітірген жылы: 2015

- **Ұйым:** Ақтөбе облысы дін істері басқармасы «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы КММ
- Лауазым: Бөлім басшысы, психолог
- Басталған жылы: 2015
- Бітірген жылы: 2017

- **Ұйым:** Алға аудандық «Дін мәселері және қоғаммен байланыс» орталығы КММ
- Лауазым: Басшысы
- Басталған жылы: 2017
- Бітірген жылы: 2019

- **Ұйым:** Ақтөбе облысы дін істері басқармасы «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы КММ
- Лауазым: Бөлім басшысы, психолог
- Басталған жылы: 2019
- Бітірген жылы: жалғасуда

- **Ұйым:** Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық түсіндіру тобы
- Лауазым: Эксперт
- Басталған жылы: 2015
- Бітірген жылы: жалғасуда

- **Ұйым:** Республикалық оңалту және кеңес беру «Ақниет» ҚҚ
- Лауазым: Психолог
- Басталған жылы: 2019
- Бітірген жылы: 2021

- **Ұйым:** Алға аудандық «Дін мәселері және қоғаммен байланыс» орталығы КММ
- Лауазым: Психолог
- Басталған жылы: 2022
- Бітірген жылы: жалғасуда

13. КОЖАКОВА АСЕЛЬ БУЛАТОВНА

- **Ұйым:** Red Point Қазақстан маркетингтік коммуникациялар қызметі
 - Лауазым: Негізін қалаушы және бас директоры
 - Басталған жылы: 2010
 - Бітірген жылы: жалғасуда
-
- **Ұйым:** Coca-Cola, Microsoft, General Motors, Beeline, EXPO 2017 Astana
 - Лауазым: PR және коммуникация департаменттері басшысы
 - Басталған жылы: 2000 жылдар

14. ОРАЗБАЕВА ШИРИН ИРАНБЕКОВНА

- Кәсіби медиатор, лектор, коуч, медиация және конфликтология курстары бойынша бизнес-тренер
- Түрлі компанияларда Вице-президент, бас қаржы директоры және жоба жетекшісі лауазымда тәжірибесі мол
- Мақсат қою (KPI) арқылы персоналды басқару жүйесін енгізу бойынша жоба менеджері
- Қаржы және басқару есебін автоматтандыру бойынша жоба жетекшісі
- Бірқатар отандық және шетелдік компанияларда қаржылық және салықтық кеңесші

15. БЕРЛИБАЙ АКЕРКЕ БЕРЛИБАЙКЫЗЫ

- **Ұйым:** «PR және интеграцияланған коммуникациялар орталығы» консалтингтік агенттігі
 - Лауазым: Негізін қалаушы, директор
 - Басталған жылы: 2015
 - Бітірген жылы: жалғасуда
-
- **Ұйым:** Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
 - Лауазым: Баспасөз хатшысы
 - Басталған жылы: 2019
 - Бітірген жылы: 2021
-
- **Ұйым:** JASCONGRESS UNIVERSITY «Қазақстан Жастар Конгресі» корпоративтік университеті
 - Лауазым: Коммуникация кеңесшісі, жетекші
 - Басталған жылы: 2020
 - Бітірген жылы: 2021

	<ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Біліктілікті арттыру институты – Лауазым: Медиа-тренері – Басталған жылы: 2022 – Бітірген жылы: жалғасуда
<p>3. Қосымша мәліметтер</p>	<p>Кайранбеков Бауржан Окташевич - Экономика ғылымдарының кандидаты, әртүрлі жылдарда ағартушылық пен білім беру саласында еңбек сіңірген, басшылық еткен. Жарияланымдары: «Қазақ ойшылдарының ғылыми еңбектеріндегі экономикалық саясаттың негізгі бағыттары», «Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікті нормативті-құқықтық реттеу» және «Қазақ ойшылдарының ғылыми еңбектеріндегі меншіктің әлеуметтік-экономикалық мәселелері». «Рухани жаңғыру» ҚҚ басшысы.</p> <p>Тілеуберді Ербол Еркінұлы - Әлеуметтік ғылымдар магистрі (Түркия Республикасы). Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің тапсырысымен Қазақстан Республикасы аймақтарында дін мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ұйымдастырған. «Астана жастары» КММ жастар саясаты бағытында, ҚР Тіл саясаты комитетінің, «Астана Инвест», «Казахмыс» АҚ әлеуметтік шаралары және т.б. іс-шараларда жетекшілік еткен.</p> <p>Сүлейманкулова Айгерим Адылбековна - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің тапсырысымен Қазақстан Республикасы аймақтарында дін мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ұйымдастырған.</p> <p>Тұрсағат Айнұр Майданқызы - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің тапсырысымен Қазақстан Республикасы аймақтарында дін мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ұйымдастырған.</p> <p>Исаева Диана Дулатовна - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің тапсырысымен Қазақстан Республикасы аймақтарында дін мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ұйымдастырған.</p> <p>Шакимова Лола Сергеевна - Жоғары деңгейлі психолог маман. Ленинград мемлекеттік университетінің «Жас және кәсіптік бағдар беру психологиясы» арнайы факультеті түлегі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (КНБ) Академиясының психология мамандығы бойынша әскери аспирантурасын бітірген, Шымкент мемлекеттік университетінің педагогика және психология магистрі, 40 жылдан астам еңбек өтілімі бар психолог, оның 20 жылын құқық қорғау органдарында (КНБ) жұмыс жасаған, Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының</p>

отставкадағы подполковнигі, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының сарапшы-психологы. «Жусан» операциясымен оралғандармен жұмыс жасап келеді.

Кожаметова Талшын Зарқымқызы - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген, мамандығы дінтану, Экстремизм және терроризммен күресу бойынша семинарлар спикері, «Жусан» операциясы бойынша Сириядан оралған әйелдерді оңалту бағытында жұмыс атқарып келеді, Деструктивті діни ағымдағы әйелдерді оңалту және алдын алу бойынша еңбегі мол, Мешіттерде әйел жамағатына ұстаз қызметін атқарған. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Солтан Роза - ЕИМУ «Нұр-Мубарак» университеті «Теология» мамандығын аяқтаған, Деструктивті діни ағымдарға іліккен азаматтарға кеңес беру-оңалту жұмыстарын атқарған. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Оспанов Дәлелхан Қоңырбайұлы - Түркия республикасы, Стамбул қаласы Мармара университеті, Теология факультетінде «теология» мамандығын оқып бітірген. Алматы қаласы, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің «Дінтану» мамандығы бойынша магистратурасын үздік тәмәмдаған. Жалпы еңбек өтілі 19 жыл. Дін саласында мемлекеттік және қонақалды мекемелерге басшылық еткен. Деструктивті діни ағымдарға іліккен азаматтарға кеңес беру-оңалту жұмыстарын атқарған. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Жаншин Нурсұлтан Берикович - Түркістан қ., Қ.А.Яссауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті «Дінтану» мамандығын бітірген. «Дін және жастар», «Особенности и важность религиозного образования в Казахстане», «Дерадикализация», «Жастар ақпаратты тексерместен ала береді» және т.б. тақырыптарда мақалалары жарияланды. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама аясында оқыту-семинарын, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы семинар-тренингтерін, Дін істері комитетінің оқыту семинарын, ҚР ҰҚК Академиясы оқыту-семинарын, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлау» курсы аяқтаған. «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» ММ, «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы» КММ-нің басшысы. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Далабаева Гульнар Бакеновна - «Қарағанды облысының дін істері басқармасының Қарағанды облысы бойынша конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы» ақпараттық-түсіндіру, талдау және қарсы үгіт-насихат жұмыстары бөлімінің басшысы. Өңірдегі конфессияаралық және ұлтаралық келісімді сақтауға, қоғамда діни экстремизм мен терроризм көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға белсене қатысады. Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, ҚР АжҚД, Қарағанды облысы ҰҚК Алғыс хаттарымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Разақов Нурмухаммет Шәмшіұлы - Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультеті және М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті жалпы психология факультеті түлегі, «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті 1 айлық білім жетілдіру курсы, Алматы қаласы, ҚР ҰҚК акедемиясы, ақпараттық ықпал ету технологиялары бағыты бойынша біліктілікті арттыру курсы, «Парасат» кеңес беру-әдістемелік орталығы, «Дін міселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерін даярлау және қайта даярлау» курсы, Алматы қаласы, ҚР ҰҚК акедемиясы «Деструктивтік діни ағымдарды ұстанушыларды әлеуметтендіру бойынша психологиялық бейімдеу технологисы» бағыты бойынша біліктілік арттыру курсы, тамамдаған. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Кожаква Асель Булатовна – Оратор, Коуч, тренер. «Red Point Қазақстан» маркетингтік коммуникациялар қызметі негізін қалаушы және бас директоры, Стратегиялық маркетинг «Chartered Institute of Marketing and Digital Marketing» дәрежесінің иегері, Coca-Cola, Microsoft, General Motors, Beeline, EXPO 2017 Астана сияқты компаниялардың корпоративтік секторында 17 жылдан астам жұмыс істеп, маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімдерін басқарды. Өзінің кәсіби мансабында ол 200-ден астам пресс-конференциялар мен әртүрлі сипаттағы баспасөз шараларын өткізді, сұхбатқа 50-ден астам спикерлерді дайындады. «ЭКСПО-2017 Астана» коммуникациялық стратегиясының авторы. 2018 жылы KGIF (Kazakhstan Global Investment Forum) жобасы аясында «Үздік интеграцияланған компания» номинациясында 1-орын иегері, 2020 жылы дәрігерлер мен ғалымдардың коммуникациялық дағдыларын дамытуға арналған үздік әлеуметтік жобасы үшін Eventiada сыйлығын иеленді. 2012 жылы «Еуразиялық маркетингтер қауымдастығының» ұсынуымен Қазақстанның ең үздік маркетинг болып танылды. Давостағы Дүниежүзілік коммуникациялар форумының «Болашақ таланты -2017» сыйлығының иегері.

Оразбаева Ширин Иранбековна – Кәсіби социолог, заңгер, психолог, конфликтолог. Сертификатталған медиатор-тренер. Қазақстанның «HR менеджерлері» қауымдастығының мүшесі. Біліктілігін арттыру курстары: Қазақстанның медиация орталығы, Украинада «Живое дело» орталығы, Ресей Федерациясы Сібір конфликтология орталығы, Ұлыбритания «Метида» жанұя медиациясы орталықтарында – Медиацияның жалпы курсы, медиаторларға арналған қолданбалы конфликтология курсы, Медиацияны қолданудың негіздері, Медиаторларды даярлау курсы, Жанұя медиациясы, Жасөспірімдердің медиативті консультациясы, Медиациядағы кәсіби супервизия, Тренерлік кәсіптің қырлары және т.б. курстарынан өткен.

Берлибай Акерке Берлибайқызы - Сертификатталған психолог, филолог; педагогика ғылымдарының магистрі. Саясат, мемлекеттік басқару, білім беру және үкіметтік емес ұйымдардағы коммуникациялар және PR сарапшысы. Коммуникациялық стратегияларды, дағдарысқа қарсы шараларды, БАҚ саясатын, ұйымдағы ішкі коммуникацияларды жүйелеу маманы. Саясаткерлердің, шенеуніктердің, бизнесмендердің қоғаммен байланысы бойынша кеңесші, PR-менеджер. Шешендік өнер, коммуникацияларды басқару, әлеуметтік желілердегі цифрлық PR-технологиялар және мемлекеттік басқару, саясат, білім және үкіметтік емес ұйымдар саласындағы жеке брендті дамыту бойынша медиа тренері. «JAS MEDIA HOUSE» жас журналистер медиа мектебінің негізін қалаушы. ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Біліктілікті арттыру институты медиа-тренері.

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кайранбеков Бауржан Окташевич - https://web.facebook.com/profile.php?id=100035931168797&mibextid=ZbWKwL&rdc=1&rdp 2. Тілеуберді Ербол Еркінұлы - https://www.instagram.com/yerbol.t2013/ 3. Сулейманкулова Айгерім Адылбековна - https://web.facebook.com/AiGeRim89?mibextid=ZbWKwL&rdc=1&rdp 4. Тұрсағат Айнұр Майданқызы - https://www.instagram.com/maidankyzy_a/ 5. Исаева Диана Дулатовна - https://www.instagram.com/di_cloud_factory 6. Шакимова Лола Сергеевна - https://www.instagram.com/lolashakimova 7. Кожаметова Талшын Зарқымқызы - https://web.facebook.com/profile.php?id=100010903381233&mibextid=ZbWKwL&rdc=1&rdp 8. Солтан Роза - https://www.instagram.com/sultanqyzy_roza/ 9. Оспанов Дәлелхан Қоңырбайұлы - https://web.facebook.com/dalelkhan.ospan?rdc=1&rdp 10. Жаншин Нурсултан Берикович - https://www.instagram.com/nursultan_zhanshin/ 11. Далабаева Гульнар Бакеновна - https://www.instagram.com/g.b.dalabaeva 12. Разақов Нурмухаммет Шәмшіұлы - https://www.instagram.com/nurmukhanbetrazak/ 13. Кожакоева Асель Булатовна - https://www.instagram.com/kozhakova/ 14. Оразбаева Ширин Иранбековна - https://www.instagram.com/shyryn_o/ 15. Берлибай Акерке Берлибайқызы - https://taplink.cc/berlibay_akerke
---	---

2.1. Әлеуметтік жобаның жетекшісі

1. Өтініш беруші ұйымдағы әлеуметтік жоба жетекшісінің лауазымы	Жобалар жетекшісі
2. Әлеуметтік жоба жетекшісінің аты-жөні	Тілеуберді Ербол Еркінұлы
3. Туған күні	23.12.1987
4. Электронды поштасы	2017ruh@mail.ru
5. Жұмыс телефоны	8 7172 250 700
6. Ұялы телефон	8 775 66 77 303
7. Білімі	Жоғары, Әлеуметтік ғылымдар магистрі

<p>8. Жұмыс тәжірибесі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: ШҚО ішкі саясат басқармасы «Жастар бастамаларын қолдау» орталығы – Лауазым: Бөлім басшысы – Басталған жылы: 2011 – Бітірген жылы: 2013 – Ұйым: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті, Нормативтік құқықтық басқармасы – Лауазым: Сарапшы – Басталған жылы: 2013 – Бітірген жылы: 2014 – Ұйым: «Либерти Групп ЛТД» ЖШС – Лауазым: Директор – Басталған жылы: 2014 – Бітірген жылы: жалғасуда
<p>9. Қосымша мәліметтер</p>	<p>Тілеуберді Ербол Еркінұлы - Әлеуметтік ғылымдар магистрі (Түркия Республикасы). Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің тапсырысымен Қазақстан Республикасы аймақтарында дін мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ұйымдастырған. «Астана жастары» КММ жастар саясаты бағытында, ҚР Тіл саясаты комитетінің, «Астана Инвест», «Қазақмыс» АҚ әлеуметтік шаралары және т.б. іс-шараларда жетекшілік еткен.</p>
<p>10. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме</p>	<p>https://www.instagram.com/yerbol.t2013/</p>
<p>3. Жоба туралы</p>	
<p>1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)</p>	<p>Дін мәселелері жөніндегі білікті мамандарды даярлау, «Дін мәселелері жөнінде діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелеріне арналған оқыту семинарлары мен тренингтер»</p>

<p>2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>«Дін мәселелері жөнінде діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелеріне арналған оқыту семинарлары мен тренингтер»</p>
<p>3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)</p>	<p>2022 жылдың 14-15 қыркүйегінде өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда «бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты негізінде 18 конфессияның 4 мыңға жуық діни бірлестігі еркін жұмыс жасап жатқанын баяндады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы съезде цифрлық технологиялардың әсерімен қоғамның бөлшектеніп, көзқарастар қайшылығы күшейе бастағанын жеткізіп, гуманизм идеалдары мен берік рухани құндылықтарды ілгерілетуге шақырды. Президент халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі Исламды дәріптеу аса маңызды екенін мәлімдеп, әкімдіктерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырды. Елімізде 18 конфессияны қамтитын 3877 діни бірлестік тіркелген: оның ішінде 2744- ислам, 341-православие, 89- католик, 587-протестант, 61-Ехоба куәгерлері, 24-Жаңа апостолдық шіркеу, 13- Кришна санасы қоғамы, 7-иудаизм, 6-бахай, 2-буддизм және тағы басқа бірлестіктер бар.</p> <p>Бүгінгі таңда орталық және жергілікті атқару органдар тарапынан еліміздің 17 өңірі мен республикалық маңызы бар қалаларында әртүрлі санаттағы азаматтарға (жастар, студенттер, мекеме қызметкерлері, мешіт жамағаты, кәсіпкерлер, құқық қорғау органы саласындағы қызметкерлер мен жазасын өтеушілер арасында) экстремисттік және радикалды діни ағымдарға бет бұру тәуелділігін төмендету мақсатында түрлі форматтағы семинарлар мен дәрістер өткізіліп жатыр. Бұл іс-шаралар 2000-нан астам мүшеден тұратын республикалық және жергілікті ақпараттық-түсіндіру тобы дәріскерлерімен жүзеге асырылуда. Дәріскерлер құрамына мемлекеттік орган қызметкерлері, профессорлар, теологтар, исламтанушы, дінтанушы, психологтар және имамдар кіреді.</p> <p>Ақпараттық технологиялардың дамуымен Қазақстан үшін жат діни көзқарастардың таралу қаупі өршіп келеді. Бүгінгі таңда деструктивті діни ағымдардың идеологтары аудиторияға әсер етудің жаңа әдістерін қолдану арқылы өздерінің қатарына азаматтардың қосылуына барынша ықпал етуде. Дінді өздерінің саяси мақсаттарына қолданатын экстремисттік және террористік ұйымдар мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ерекше қауіп төндіреді. Дін мен оның құндылықтарын бетперде еткен жалған уағызшылар жаһандық деңгейде алауыздық пен өшпенділік туғызуда.</p> <p>Жаһандану процесін қолға алған экстремисттік және радикалды діни ұйымдар теріс ағымды аудио-бейне материалдарды әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде кеңінен таратып, саналуан психологиялық әдістерді қолданып келеді. Ақпараттық технологиялар мен әлеуметті желілердің қарқынды дамуы кезеңінде, дін мәселелері жөнінде діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелеріне арналған, аудиторияға әсер етудің заманауи әдістерін қолдануға қатысты оқыту семинарлары мен тренингтерді ұйымдастыру маңызды мәселе болып табылады, әсіресе:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тыңдаушыға ақпаратты толық жеткізе білу (ораторлық өнер), - Көпшілік алдында сөйлеу өнерін жетілдіру (коммуникация менеджменті), - Медиация қағидаттарын қолдану (жанжалдың алдын алу, өзара түсіністікке жету, ақпараттық шиеленісті болдырмау, жанжалды басқару), - Қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау тәсілдері, - Тәуекел дәрежесі жоғары тұлғаларға психологиялық әсер ету мен иландыру,

	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желіде жат ағым идеологиясын айқындау техникасы мен БАҚ-пен жұмыс жасау негіздері, - Жастар радикализмі: алдын алу және онымен күресу жолдары, - Ақпарат көздерін іріктеу тәсілдері - Құқықтық сауаттылықты арттыру
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Заманауи әдістерді қолдана отырып, оқыту семинарлары мен тренингтерді ұйымдастыру арқылы, діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру, - АТТ мүшелерін цифрлық кеңістікте жұмыс жасау принциптерін қалыптастыру, - АТТ мүшелерінің арасында мәселеге қатысты өзара ақпарат алмасуды ұйымдастыру, - АТТ мүшелерінің еркін сөйлеу, ойын толықтай жеткізе білу және ақпарат көздерін іріктеу және талдау біліктіліктерін жетілдіру
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - Еліміздің 17 өңірі мен республикалық маңызы бар қалаларында оқыту семинарларын ұйымдастыру, - Жобаны ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, - Талапқа сай бағдарлама әзірлеп, сабақ кестесін құру, - Білікті, тәжірибелі спикерлерді (әртүрлі сала мамандарын) тарту, - Оқыту семинарлары мен тренингтерде заманауи технологияларды қолдану, - Цифрлық кеңістікте жұмыс жасау принциптерін қалыптастыру, - Оқытудың нәтижесін бағалау мақсатында тыңдаушылар арасын сынақ өткізу.
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады,	<p>Еліміздің 17 өңірі мен республикалық маңызы бар қалаларында діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту семинарлары ұйымдастырылады. Бұл семинарларда 2023-2025 жылдары аралығында өңірлерде 5000-ға жуық адамды оқыту көзделіп отыр. Орта есеппен 1700-ге жуық адам әр жылы оқу курстарынан өтеді. Жоба аясында АТТ мүшелеріне <u>ораторлық өнер, қарым-қатынас психологиясы, медиация, дін және қоғам, психология, конфликтология, әлеуметтік желіде жат ағым идеологиясын айқындау техникасы мен БАҚ-пен жұмыс жасау негіздері, жастар радикализмі мен алдын алу және онымен күресу жолдары, жанжалдың алдын алу, өзара түсіністікке жету, ақпараттық шиеленісті болдырмау, жанжалды басқару, жаңа заманда ақпараттың таралу көздері мен принциптері, ақпарат көздерін іріктеу тәсілдері</u> сияқты тақырыптар ұсынылады. Аталмыш тақырыптарды ашып жеткізу мақсатында әртүрлі сала мамандарын тарту көзделіп отыр. Әр өңірде АТТ мүшелері мен діни мамандарға 2 күндік жалпы 16 академиялық сағаттық оқыту семинарлары мен тренингтер өткізіледі. 16 академиялық сағаттың 60 пайызы теория болса, қалған 40 пайызы практикалық оқуға жоспарланып отыр. Оқу курсы аяқталысымен тыңдаушылар сынақтан өтіп, материалды меңгерген деңгейі анықталады. Бір академиялық сағат 45 минуттан тұрады. Оқыту кестесі 9:00дан 16:00 аралығында құралады. Түскі уақытта 12:00 мен 13:00 аралығы түскі үзіліске бөлініп, тыңдаушыларға кофе-брейк ұсынылады. Бір күндік оқыту семинарына үзілістермен қоса 7 сағат жұмсалады.</p> <p>Семинарға спикер ретінде сала мамандары еліміздің әртүрлі өңірлерінен тартылады. Республикалық деңгейде өз саласында оқыту курстарын ұйымдастыру тәжірибесі мол, білікті мамандармен байланыс орнатылып, оқыту дәрістері талқыланады. Мамандар құрамына <u>мемлекеттік орган қызметкерлері, профессорлар, теологтар, исламтанушы, дінтанушы, психологтар, PR мен БАҚ өкілдері, медиаторлар, азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы өкілдері,</u></p>

<p>бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p>	<p><u>байланыс (коммуникация) мамандары және имамдар</u> кіреді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетіне аталған дәрістер келісуге жіберіледі. Дәрістер келісілген жағдайда мамандар арасында жұмыс топтары құрылады. Әр өңірде жергілікті атқарушы органдары мен дін істері басқармаларымен қажетті дәрістер іріктеліп, осыған сай әр өңірге көзделген бағдарлама жасалады.</p> <p>Мамандардың келу-кету шығындары, тамақтану шығындары, гонорарлары, жататын орын шығындары ұйымдастырушы тарапынан толықтай қамтамасыз етіледі. Мамандар кемінде бір күн бұрын қонай үйде жайғастырылып, семинар өтетін орынға барып-қайту ыңғайлылығы мақсатында көлікпен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Жобаны ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету үшін жергілікті 3 (үш) БАҚ өкілі шақырылады және кемінде 2 (екі) республикалық БАҚ-та жарияланым шығады. Тыңдаушыларға таратпа материалдар дайындалады.</p> <p>Жобаны тиімді және талапқа сай жүзеге асыру мақсатында Жобаның қызмет кестесі құрастырылады. Кестеде семинарға қатысты іс-шаралар кезеңдерге бөлінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дайындық кезеңі (жұмыс барысын пысықтау, қажетті мамандармен қатынасу, олармен оқыту методикасы мен бағдарламасын әзірлеу, таратпа материалдар мен көрнекі ақпарат құралдарын дайындау, әр шараға жауапты мамандарды тағайындау, әр өңірдегі дін істері басқармаларымен және құзіретті мекемелермен байланыс орнату) - негізгі кезең (өңірлерде оқыту курстарын ұйымдастыру, кеңсе-техникалық жабдықпен қамтамасыз ету, жол, қонақ үй, тамақтануды ұйымдастыру) - қорытынды кезең (оқуды аяқтау, сынақтан өту, шығармашылық есеп дайындау және т.б.)
<p>а. Жоба туралы таныстырылым (сілтеме)</p>	<p>https://drive.google.com/file/d/1-gcotnNdHo0XaL6xTvHleCLj9xOLXNuD/view?usp=sharing</p>
<p>7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы</p>	<p>Қазақстан Республикасы аумағында Астана, Алматы, Шымкент қалаларын қоса 17 өңірде.</p>
<p>8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні</p>	<p>2023 жылдың шілде айының алғашқы он күндігі 2024 жылдың наурыз айының алғашқы он күндігі 2025 жылдың наурыз айының алғашқы он күндігі.</p>
<p>9. Әлеуметтік жобаны іске асырудың аяқталу күні</p>	<p>2023 жылдың қараша айының үшінші он күндігі 2024 жылдың қыркүйек айының үшінші он күндігі 2025 жылдың қыркүйек айының үшінші он күндігі.</p>
<p>10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары</p>	<p>Қазақстан Республикасы аумағындағы АТТ мүшелері, діни мамандар</p>

11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<p>2023 жыл 1700 адам 2024 жыл 1700 адам 2025 жыл 1700 адам Жалпы 5100 адам.</p>
Сандық нәтижелері	<p>Еліміздің 17 өңірі мен республикалық маңызы бар қалаларында діни мамандар мен Республика аумағындағы АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту семинарлары ұйымдастырылады. Бұл семинарларда 2023-2025 жылдары аралығында өңірлерде 5000-ға жуық адамды оқыту көзделіп отыр. Орта есеппен 1700-ге жуық адам әр жылы оқу курстарынан өтеді. Әр өңірде АТТ мүшелері мен діни мамандарға 2 күндік жалпы 16 академиялық сағаттық оқыту семинарлары мен тренингтер өткізіледі. 16 академиялық сағаттың 60 пайызы теория болса, қалған 40 пайызы практикалық оқуға жоспарланып отыр. Оқу курсы аяқталысымен тыңдаушылар сынақтан өтіп, сәйкесінше жалпы 5000-ға жуық сертификат таратылады. Әр күні оқыту семинарына үзілістермен қоса 7 сағат жұмсалады.</p> <p>Әр өңірде жылда орта есеппен 100-ге жуық АТТ мүшесі оқу курстарынан өтіп, білімі мен біліктілігін жетілдіреді. Жобаны ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету үшін жергілікті 3 (үш) БАҚ өкілі шақырылады және кемінде 2 (екі) республикалық БАҚ-та жарияланым шығады. Жалпы жергілікті БАҚ-та 51 мен республикалық БАҚ-та 34 мақалалар мен сұхбаттар жарық көреді.</p>
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	<p>Жоба аясында АТТ мүшелеріне ораторлық өнер, қарым-қатынас психологиясы, медиация, дін және қоғам, психология, конфликтология, әлеуметтік желіде жат ағым идеологиясын айқындау техникасы мен БАҚ пен жұмыс жасау негіздері, жастар радикализмі мен алдын алу және онымен күресу жолдары, жанжалдың алдын алу, өзара түсіністікке жету, ақпараттық шиеленісті болдырмау, жанжалды басқару, жаңа заманда ақпараттың таралу көздері мен принциптері, ақпарат көздерін іріктеу тәсілдері сияқты тақырыптар ұсынылады. Аталмыш тақырыптарды ашып жеткізу мақсатында әртүрлі сала мамандарын тарту көзделіп отыр.</p> <p>Дәріскерлер құрамына мемлекеттік орган қызметкерлері, профессорлар, теологтар, исламтанушы, дінтанушы, психологтар, PR мен БАҚ өкілдері, медиаторлар, азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы өкілдері, байланыс (коммуникация) мамандары және имамдар кіреді.</p> <p>Курстардан сапалы нәтиже алу мақсатында келесі салаларда оқыту көзделіп отыр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тыңдаушыға ақпаратты толық жеткізе білу (ораторлық өнер), - Көпшілік алдында сөйлеу өнерін жетілдіру (коммуникация менеджменті), - Медиация қағидаттарын қолдану (жанжалдың алдын алу, өзара түсіністікке жету, ақпараттық шиеленісті болдырмау, жанжалды басқару), - Қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау тәсілдері, - Тәуекел дәрежесі жоғары тұлғаларға психологиялық әсер ету мен иландыру, - Әлеуметтік желіде жат ағым идеологиясын айқындау техникасы мен БАҚ-пен жұмыс жасау негіздері, - Жастар радикализмі: алдын алу және онымен күресу жолдары, - Ақпарат көздерін іріктеу тәсілдері және т.б.

12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * серіктестердің хаттарымен расталады	СЕРІКТЕС	ҚОЛДАУ ТҮРІ
	Астана қаласы Дін істері басқармасының «Діндерді зерттеу орталығы» ЖШС	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік және діни мекемелермен байланыс орнату
	«Қарағанды облысының дін істері басқармасының Қарағанды облысы бойынша конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы» КММ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік және діни мекемелермен байланыс орнату
	«Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» ММ «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы» КММ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік және діни мекемелермен байланыс орнату
	Қостанай облысы әкімдігінің Дін істері жөніндегі басқармасы «Діни проблемаларды зерттеу орталығы» КММ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік және діни мекемелермен байланыс орнату
	Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Дін істері басқармасы КММ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік және діни мекемелермен байланыс орнату
	Шығыс Қазақстан облысы «Jelnoqsan 86» ҚБ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, аудитория жалдау, қонақ үй және көлік мәселесі, мекемелермен байланыс орнату
	«Желтоқсан 86 Ақмола» ҚБ	Жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсету, аудитория жалдау, қонақ үй және көлік мәселесі, мекемелермен байланыс орнату
